

Бекітілді
2021 жылғы №166 үйрыйымен

«ECO MEKEN» экологиялық реалити-шоуын откізу туралы ереже

«ECO MEKEN» экологиялық реалити-шоуын (бұдан әрі – Жоба) откізу туралы осы Ереже Жобаны үйымдастыру және откізу тәртібін, оны откізу мерзімдерін, қатысу және жеңімпазды анықтау тәртібін регламенттейді.

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Жоба экологиялық дуниетанымды насихаттау және ең перспективалы қатысушыны анықтау, оған өзінің экологиялық бизнесін үйымдастыруға көмек көрсету мақсатында жүргізіледі.
- 1.2. Жобаның ақпараттық серіктесі – «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі- Серіктес).
- 1.3. Жобаны үйымдастыру және откізу жөніндегі серіктес – «ӨКМ Операторы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Үйымдастырушы) болып табылады.
- 1.4. Жоба туралы ақпарат www.khabar.kz ресми сайтында (бұдан әрі-Сайт) орналастырылады.
- 1.5. Жобаны жүргізуге және үйымдастыруға байланысты кез келген мәселелер Үйымдастырушы мен Серіктестің бірлесіп карауына жатады.

2. Жобаны откізу тәртібі мен мерзімдері

- 2.1. Жоба бес кезенде откізіледі:
 - 2.1.1. бірінші кезең: 2021 жылғы 24 мамырдан 8 маусымға дейін – Серіктестің Сайтында отінімдерді қабылдау.
 - 2.1.2. екінші кезең: 2021 жылғы 9 маусымда Үйымдастырушы және Серіктес күрган үйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Үйымдастыру комитеті) Жобаның одан әрі онлайн-дауыс беруіне қатысатын 32 қатысушыны таңдайды.
 - 2.1.3. үшінші кезең: 2021 жылғы 10-15 маусым аралығында-онлайн-дауыс беру, оның қорытындысы бойынша Жобаның 16 финалисі айқындалады.
 - 2.1.4. төртінші кезең: 2021 жылғы 18 маусымнан 15 тамызға дейін - Жобаның реалити-шоуының түсірілімі, оның нәтижесінде 3 финалист анықталады.
 - 2.1.5. 2021 жылғы 1 желтоқсанда - «Хабар» телеарнасында тікелей эфирде корсетілетін «ECO MEKEN AWARDS-2021» марапаттау рәсімі, оның барысында Жобаның жеңімпазы жарияланады.
- 2.2. Түсірілім жүргізу мерзімін Үйымдастырушы мен Серіктес түсірілім процесінің технологиясына сүйене отырып өзгертуі мүмкін.

3. Жобага қатысушыларға қойылатын талаптар

- 3.1. Жобага қатысуға азаматтығына қарамастан түсірілім жүргізілген күнге Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын 18 жасқа толған адамдар жіберіледі.
- 3.2. Жоба қатысушылары 2021 жылдың 18 маусымынан 15 тамызына дейін түсіру кезеңіне бос уақыттары болуы тиіс.

4. Жобага қатысу үшін отінім беру тәртібі

4.1. Жобага қатысу үшін үміткер 2021 жылғы 24 мамырдан бастап 8 маусымга дейінгі аралықта Нұр-Сұлтан уақыты бойынша сағат 18.00-ге дейін Серіктестің Сайтына өтінім береді, оған мыналар кіреді:

- 1) қатысуга сауалнама;
 - 2) jpeg форматындағы қатысушының суреті;
 - 3) қатысу мотивациясы бар бейне өтініші – 720p артық емес ажыратымдылығымен, хронометражы 1 минутқа дейін.
- 4.2. Берілген өтінімдер осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда өтінімдер Үйымдастыруши мен Серіктестің қалауы бойынша қабылданбауы мүмкін.

5. Жоба қатысушылардың шығарылу механизмі

5.1. Жоба қатысушылары 8 адамнан тұратын командаларға болінеді.

5.2. Жобаның әр кезеңі командалар алдында кем дегенде екі конкурстық сынақтан тұрады.

5.3. Әрбір сынақ Жобаның шартты бірліктерінің белгілі бір сомасына бағаланады.

5.4. Бір кезеңде Жобаның шартты бірліктерінің ең аз санын жинаған команда шоудан кететін ең әлсіз қатысушыны анықтауы керек.

6. Жобаның финалы - «ECO MEKEN AWARDS-2021» марапаттау рәсімі

6.1. Уш финалистің қатысушымен өтетін салтанатты шара «Хабар» телеарнасының тікелей эфирінде көрсетіледі.

6.2. Жоба женімпазы экологиялық саладағы көрермендер мен шақырылған сарапшылардың дауыс беру қорытындысы бойынша анықталады (50% - көрермендер, 50 % - сарапшылар).

6.3. Көрермендерге дауыс беру онлайн-дауыс беру және/немесе телефонмен дауыс беру және/немесе sms-хабарламалар арқылы жүзеге асырылады. Көрермендердің дауыс беру қорытындысы бойынша баллдарды санауды Үйымдастыру комитеті әр қатысушыға қатысты көрермендердің дауыстарын және/немесе sms-хабарламаларды қосу арқылы жүзеге асырады.

6.4. Көрермендердің дауыс беру қорытындысы бойынша ең көп балл және сарапшылардың ең көп дауысын жинаған рәсімге қатысушы Жоба женімпазы болып жарияланады.

6.5. Өткізу форматы мен орнын Үйымдастыруши мен Серіктес елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты айқындайды.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Жоба женімпазы өзінің экологиялық бизнес-жобасын іске асыруда Үйымдастырушиның колдауына ие болады.

7.2. Үйымдастыруши мен Серіктес қатысушы осы Ереженің талаптарын бұзған жағдайда, Жобаның кез келген кезеңінде қатысушыны Жобага қатысудан шеттету туралы шешім қабылдауга құқылы.

7.3. Үйымдастыруши мен Серіктес түсірілім процесі, КР аумағы бойынша жүріп-тұру, түсірілім қатысушыларының тұруы мен тамактануы шенберіндегі шығыстарды көтереді.

7.4. Үйымдастыруши мен Серіктес түсірілім процесі кезіндегі форс-мажорлық жағдайлар, оның ішінде қатысушылардың коронавирустық инфекциямен ауыруы үшін жауапты болмайды.

7.5. Осы Ережеде көзделмеген барлық мәселелерді Үйымдастыруши мен Серіктес келісім бойынша шешеді.

7.6. Үйымдастыруши мен Серіктес осы Ереженің шарттарын өндірістік мақсатта өзгертуге және/немесе толықтыруға құқылы.